

3 Роботтар жиһаз жинайды



6 Табиғат аясындағы танымды кеш



Сыр бойы

№62 (21137) 28 сәуір, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyly.kz

www.instagram.com/syrboyly_kz

t.me/syrboyly_kz

twitter.com/syrboyly

ТАЗАЛЫҚ – ӨРКЕНИЕТ АЙНАСЫ Өңірде 12 мың түп көшет егілді

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ



Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев экомобильдермен бірге елорданың «Самал» сабағында ағаш отырғызды. Президентке жауапты мемлекеттік орган басшылары атқарылған жұмыс жайын баяндады.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев «Таза Қазақстан» акциясы басталған екі жыл ішінде 1,5 мың экологиялық іс-шара ұйымдастырылғанын жеткізді. Осы уақыт аралығында 2 миллион тонна қоқыс жиналып, 5,5 миллионға жуық көшет егілген. Жыл сайын бұл бастамаға 6,5 миллион адам, соның

ішінде 780 мың волонтер қатысады. Министрдің айтуынша, 2021-2025 жылдары орман қорын толықтыру үшін 1 миллион гектардан аса жерге 1648,4 миллион түп көшет отырғызылған. Елді мекендерде бес жыл ішінде 18,4 миллион көшет егілді. Алдағы уақытта 1760 мың гектар жерді қамтитын 46 экоаумақ құрылады.

Қызылорда қаласында жаңадан салынған Президент саябағындағы шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының басшылары, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, облыстық басқарма, департамент, инспекция басшылары мен қызметкерлері, еріктілер, экомобильдер, жастар ұйымдары және студенттер қатысты.

Акцияға аймақтың аудандарынан, елді мекендерінен 25 мыңнан астам адам атсалысып, 12 мыңнан астам көшет егілді, 325,7 гектар аула тазар-

тылып, 320 тоннадан астам қоқыс шығарылды, 250-ден астам техника жұмылдырылды. Өңірде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Кәсіпкерлердің демеушілігімен орталық алаңдар, демалыс орындары, ойын, спорт алаңдары қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөндеуден өткізілуде.

2-бет

ҚАРМАҚШЫ: ЕКІ АУЫЛҒА ГАЗ БАРАДЫ



Бұған дейін Қармақшы ауданына қарасты Төретам кенті мен Ақай ауылына газ барып, көпшілікті қуантқан еді. Тұрғын саны мол елді мекендерді газдандыру жұмыстарына 1,2 млрд теңге бөлінгенін білеміз. Одан бөлек, Сырдария өзенінің екінші бетіндегі ауылдарға газ тарту жобасы қолға алынды. Өткен жылы Дүр Оңғар ауылын газдандыруға 7,1 млрд теңге қаржы бөлініп, құрылысы толық аяқталды. Нәтижесінде қармақшылықтардың 75,2 пайызы табиғи газбен қамтылып отыр.

Ал осы жылы Иіркөл мен Төребай би ауылына газ желілерін тартуға жобасметалық құжат әзірленіп, құрылысы басталып кетті. Екіншіден, Дүр Оңғар ауылына газ тартылған соң әрі қарай Ақтөбе, ШІ Интернационал, Ақжар және басқа да ауылдарға газ құбырын жүргізу көзделіп отыр. Тек бұл жұмыстар өз кезегімен, жоспарлы түрде атқарылады.

Қазір «Төребай би ауылына газ құбыры мен кварталішілік газ тарату желілерін салу» жобасы басталды. Оның құны 480 млн теңгеге жуықтайды. Осы жоба барысында мердігер компания «Asia story KZ» ЖШС газға арналған 21,26 шақырым полиэтиленді және 16 метр болат құбырын орналастыруы тиіс.

2-бет

КӘСІП ПЕН НӘСІП

БАСЫҚАРАНЫҢ БАЛЫҒЫ

Бес жыл бұрын ел Үкіметі 2030 жылға дейінгі Балық шаруашылығын дамыту бағдарламасын қабылдады. Оның басым бағыттарының бірі – табиғи су айдындарындағы ресурстарға түсетін жүктемені азайту. Сондай-ақ олардың тұрақты түрде көбеюін қамтитын аквашаруашылық субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту еді.

Сол құжатта 2030 жылға қарай балық өсіру көлемін әр жыл сайын 7 мың тоннадан 270 мың тоннаға дейін ұлғайту туралы айтылған. Сондай-ақ ішкі нарықтағы балық өнімдерін тұтынуды жылына 67 мыңнан 134 мың тоннаға дейін арттыру бар. Ал табиғи балық популяциясын 7%-ға көбейтіп, 237 мың тоннаға жеткізу жоспарланған еді.

3-бет



ЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ: 10 ЖЫЛДА 14 КӘСІП ЖОЙЫЛМАҚ

Мәжіліс төрағасының орынбасары Дания Еспаеваның мәлімдеуінше, елдегі еңбек нарығының 44 пайызы жасанды интеллекттің ықпалымен өзгереді. Бұл туралы ҚазАқпарат хабарлады.

– Еңбек министрлігінің мәліметінше, 2035 жылға қарай Қазақстанда 562 кәсіп немесе еңбек нарығының 44%-ы (шамамен 4 млн адам) жасанды интеллекттің ықпалымен өзгереді, 46 кәсіп (362 мың адам, 4%) қысқарады, ал 14 кәсіп (49 мың адам) мүлдем жойылады. Сонымен қатар, жасанды интеллект пен экономика салаларының ықпалынан жаңа мамандықтар қалыптасуда, оларға сұраныс алдағы жылдары өсе бастайды. Экономиканың негізгі салаларына жасанды интеллекттің жедел енгізу жоғары білім беру жүйесінен цифрландыру және автоматтандыру жағдайлары үшін мамандар даярлау қабілетін талап етеді, – деді Дания Еспаева Парламент Мәжілісінде жоғары білімді кадрларды даярлау тақырыбына арналған Үкімет сағатында.

Оның айтуынша, осы мақсатта жоғары білімнің қолжетімділігі айтарлықтай кеңейтіліп, мемлекеттік қолдау күшейтілді. Атап айтқанда, кейінгі бес жыл ішінде бұл салаға бөлінетін қаржы көлемі 246 млрд теңгеден 472 млрд теңгеге дейін артқан. Жыл сайын мемлекеттік білім беру гранттарының саны өсіп, биыл олардың саны 77 мың болған. Стипендия мөлшері кезек-кезеңімен ұлғайтылып, кейінгі бес жылда шамамен екі есеге өсті.

СЕГІЗ САЛАДА КАДР ТАПШЫЛЫҒЫ СЕЗІЛЕДІ

Қазақстанда экономиканың сегіз бағыты бойынша маман тапшылығы сезіліп отыр. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің мәлімдемесін Stan.kz ақпарат агенттігі келтірді.

Министрдің айтуынша, 2025 жылдан бастап елде QS (Quacquarelli Symonds) компаниясымен бірлесіп зерттеу жүргізілуде. Сонымен қатар HolonIQ платформасы қолданылып, ол талдау ғана емес, экономиканың қажеттіліктерін болжауға мүмкіндік берген.

– Талдау нәтижесінде Қазақстанда негізгі сегіз бағыт бойынша маман тапшылығы бары анықталды. Ол озық өндіріс, цифрлық технологиялар, таза энергетика, қаржы қызметтері, өмір туралы ғылымдар, қорғаныс, креативті индустриялар және кәсіби қызметтер, – деді министр.

Жобаның келесі кезеңі студенттерге арналған Learner Platform және жоғары оқу орындарын тексеруге арналған Insights Platform жүйелерін енгізуге бағытталған. Бұл жұмыс төрт университет базасында пилоттық режимде басталады.

– Біздің мақсат – жаппай оқытудан деректерге негізделген жеке оқытуға көшу. Бұл мемлекетке кадр саясатын нақты уақыт режимінде басқаруға мүмкіндік береді, – деді Саясат Нұрбек.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы \$ 464,86 kzt € 544,03 kzt ₸ 6,14 kzt

Ауа райы: Сейсенбі +27° +12° Сәрсенбі +30° +15°

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев УЕФА стадион инспекторы Скотт Струзерспен кездесті. Онда аймақта спорт саласын қолдаудағы ауқымды жобалар талқыланды.

– Президентіміз Қазақстан халқына арнаған Жолдауында футбол клубтарын жекешелендіруге қатысты жұмысты жеделдету керектігін айтқан болатын. Елімізде алғашқылардың бірі болып өткен жылдың қазан айында «Қайсар» футбол клубы жеке басқаруға берілді. Клубтың жылдық бюджетінде Премьер-лигаға 995 млн теңге, қыздар командасына 281,2 млн теңге, жасөспірімдерге 436,6 млн теңге қаралған. Клубтың жаңа басшысы «Қайсар» академиясын ашуға, инфрақұрылымын

дамытуға 18 млрд теңге көлемінде инвестиция салуда.

Алғашқы кезеңде база мен 3 жаттығу алаңын 2026 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Ал кешен 2027 жылдың соңына дейін толық пайдалануға беріледі. Бұл жоба – клубтың ұзақ мерзімді дамуына бағытталған негізгі инвестициясы.

Жаңа академия 300 баланың жыл көлемінде футболмен шұғылдануына мүмкіндік береді. Болашақта жаңа академия тәрбиелеушілері танымал ойыншылардың ізін

басады деген сенімдеміз, – деді облыс әкімі.

Жалпы кейінгі 4 жылда аймақта спорт саласын дамытуға 92 млрд 693 млн теңге бөлінген. 2022 жылдан бері өңірде 24 жаңа спорт кешені салынып, пайдалануға берілді. Биыл жыл соңына дейін елді мекендерде тағы 3 спорт кешені елігіне табысталады.

Қазіргі таңда аумағы 25 мың шаршы метрді құрайтын, олимпиадалық стандарттарға сай 25-50 метрлік бассейні, Әлем және Азия чемпионаттарын өткізуге арналған 2500 орындық көпфункционалды залы бар «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Спорт нысанын биыл пайдалануға беру жоспарланған.

ТАЗАЛЫҚ – ӨРКЕНИЕТ АЙНАСЫ ӨҢІРДЕ 12 МЫҢ ТҮП КӨШЕТ ЕГІЛДІ

Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі, Қорқыт ата мемориалды аллеясы жаңғыртылса, Президент саябағы қайта салынды. Онда заманауи субұрқақтар, амфитеатр, спорт, ойын, би, шахмат, баскетбол, футбол алаңдары, биіктігі 50 метрлік айналымы шолу дөңгелегі, велосипед және жүгіру жолақтары, санитарлық пункттер орнатылған. Жалпы 31 гектарға 2 мыңнан астам ағаш, 50 мыңнан астам сәндік бұта және 17 түрлі көпжылдық гүл егілді.

Қазіргі таңда Президент саябағы аумағында 10 млрд теңгеге жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері, 5 млрд теңгеге Ботаникалық білім беру орталығы (қысқы бақ) салынууда. Жақында 9 млрд теңгеге Сырдария өзені үстінен Президент саябағын қаламен байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы басталады.

Бұл жұмыстар барлық ауданда жалғасын тауып, жаңа демалыс орындары, аллеялар айналымын сәнін кіргізіп, көшелерді абат-
1-бет

тандыру, жарықтандыру жұмыстары атқарылууда.

Ауылдарда қолайлы орта қалыптастыру, тұрғындарды тазалық шараларына ынталандыру мақсатында жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізіледі. Кейінгі үш жылда 2 млрд 64 млн теңге бөлініп, үздік елді мекендерге 67 арнайы техника табысталды.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды тиімді басқару, оларды сұрыптау, өңдеу және қолға жарату бағытында «Жасыл даму» АҚ қаржыландырылуымен 98 млрд 700 млн теңгеге 9 жоба қолға алынған. Жаңақорған ауданындағы қатты қалдықтарды сұрыптау кешені толық қаржыландырылып, құрал-жабдықтары жеткізілді. Қазіргі таңда іске қосылуда. Қалған 8 жоба «Өнеркәсіпті дамыту қоры» сараптамасынан өткізіліп, қаржыландыру үшін тиісті келісімшарттар жасалуда.

Облыстық бюджеттен 475 млн теңгеге Сырдария ауданында сұрыптау кешені бар қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны ашылды. Тағы екі жаңа жоба жасалып, мем-

лекеттік сараптамадан өткізілді, салалық министрлікке қаржыландыру үшін ұсынылды.

Қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастыру мақсатында облыс көлемінде 10 мыңға жуық контейнер орнатылды. Көпқабатты тұрғын үйлер, ірі сауда орындары, әуежай мен теміржол вокзалы аумақтарында шыны, пластик және қағаз қалдықтарын сұрыптап жинау үшін арнайы экобокстар қарастырылған.

Қызылорда қаласындағы 83 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельдермен жаңартылды, бұл жұмыстар 58 тұрғын үйге 2 млрд 893 млн теңгеге бюджет есебінен, 27 тұрғын үйге демеушілік есебінен жасалды. Биыл 900 млн теңгеге қосымша 21 тұрғын үйдің қасбеттерін қаптау жоспарланған.

Халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, экологиялық білім беру, ағарту шаралары «Жасыл балабақша», «Жас эколог», «Жасыл мектеп», «Табиғат сақшылары» жобалары аясында жүзеге асырылып келеді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚАРМАҚШЫ: ЕКІ АУЫЛҒА ГАЗ БАРАДЫ

Қазір құбыр тарту жұмыстары өз уақытымен жүріп келеді. 98 тұрғын үйге газ нүктесін орнату қарастырылған. Бүгінде 45 тұрғын үйге газ нүктесі барып тұр, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Бақытбек Жылтыров.

Бөлім басшысының айтуынша, осындай игі жұмыс Иіркөл ауылында да жалғасын тапқан. Елді мекенге газ құбырын жүргізуге
1-бет

бюджеттен 378 млн теңгеден астам қаржы қаралыпты. Жоба бойынша «Aral Qurylys» серіктестігі 16 шақырымға жуық полиэтиленді газ және 389 метр болат құбырын жүргізеді. Қазір Иіркөлге «көгілдір отын» тарту үшін қажетті техникалар өз жұмысын бастап та кеткен.

Газдандырудан бөлек, жалпы инфрақұрылымды дамыту, жол сапасын жақсарту, ауызсу, электр желілері мен түнгі жарықтандыру, қажетті әлеуметтік нысандар – тұрғындардың жиі көтеретін мәселе екені белгілі. Ал Қармақшыда халық өміріне

тікелей әсер ететін мұндай мәселелерге басымдық берілген. Сонымен қатар, аудан экономикасының негізі саналатын ауыл шаруашылығын дамыту, кәсіпкерлікті қолдау, жаңа жұмыс орындарын ашу да назардан тыс қалған жоқ.

Ал жоғарыда айтқан қос елді мекенді толық газдандыру жұмысын алдағы жылы маусымына дейін аяқтап, халық игілігіне табыстау жоспарланып отыр.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

«ПАРЫЗ» КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

«Парыз» — бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі Қазақстанның жеке кәсіпкерлік субъектілерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік принциптерін қалыптастыру мен ілгерілету және оларды осы саладағы ең үздік тәжірибені енгізуге ынталандыру мақсатында жыл сайын өтетін конкурс.

«Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» ҚР Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 Жарлығына сәйкес, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, «Атамекен» одағы Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы мен Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар Федерациясы – конкурстың ұйымдастырушылары болып табылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері қатысатын Конкурс өңірлік және республикалық деңгейлерде өткізіледі.

Конкурс лауреаттары атақтары «шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі», «ірі кәсіпкерлік субъектісі» санаттарында келесі номинациялар бойынша беріледі:

1) «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын». Бұл номинацияда өз персоналын қолдауға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (енбекақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеуді, еңбекті қорғауды, кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру және т. б.) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады;

2) «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын». Бұл номинацияда еңбек қызметі

процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады;

3) «Үздік ұжымдық шарт». Бұл номинацияда ҚР заңнамасында қарастырылған, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қарастырылады;

4) «Экологияға қосқан үлесі үшін». Бұл номинацияда қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады.

Конкурсқа қатысу тегін болып табылады. Үміткерлер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жұмысшыларының және қоғамның әл-ауқатын жақсартуға, оның ішінде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін айқындайтын әлеуметтік бағдарламаларын ұсынуға міндетті.

Бағдарламалар және олардың жобалары өз бетінше және/немесе жергілікті атқарушы органдармен және азаматтық қоғам институттарымен әріптестік сипатында және әлеуметтік саладағы оң өзгерістерге қол жеткізуге бағытталуы қажет.

Әлеуметтік жауапкершілік бәсекелестікті арттыруға бағытталуы тиісті.

Конкурсқа келесі үміткерлер қатыса алады, яғни:

1) қызметін 3 жылдан астам уақыт жүзеге асырған;

2) жойылу сатысында емес, банкроттық деп танылмаған;

3) еңбек заңнамасының бұзылуына жол берілмеуі керек, оның ішінде жалақыға және жұмысшыларға төленетін өзге де төлемдер бойынша қарызының болмауы қажет;

4) жұмысшыларымен ұжымдық-еңбек даулары болмауы қажет;

5) Қазақстан Республикасының аумағында саяси, кәсіподақ және діни ұйымдардың іс-әрекетін қолдауға бағытталмаған әлеуметтік және қайырымдылық шараларды жүзеге асырған;

6) конкурсқа қатысуға берілетін өтінімдегі ақпараттар шынайы көрсетілген, сонымен қатар құжаттарын толық көлемде тапсырған.

Үміткерлер конкурсқа қатысу үшін құжаттарын <http://enbek.kz> сайты арқылы тапсырады.

Сонғы екі жыл ішінде лауреат болған номинация бойынша қайтадан қатыса алмайды.

Нақты ақпарат пен кеңесті келесі мекенжайдан алуға болады:

Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 47 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 212 қаб., тел.: 26-38-20 немесе тұрғылықты жеріңіз бойынша аудандық және Қызылорда қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері.



БЕЛКӨЛ КЕНТІНІҢ ӘКІМІН ТАНЫСТЫРДЫ

Белкөл кентінде өткен мәжілісте қала әкімі Нұржан Ахатов сайлау нәтижесімен халық қолдауына ие болған кент әкімі Жасұлан Сәуді таныстырды.

Жасұлан Хабибуллаұлы осыған дейін де Белкөл кентін басқарды. Халықпен тығыз жұмыс жасап, тұрғындардың оң бағасын алды.

Жиында қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев Жасұлан Сәудіге кент әкімінің куәлігін тапсырды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ЖҰМЫСЫ

Аудан прокуроры Дарын Әбіш қалада жүзеге асырылып жатқан бірқатар инвестициялық жобамен танысты.

Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Р.Жанаев ауданда қолға алынып жатқан өзге де жұмыстар жөнінде баяндап, ауқымды жобалардың басым бөлігі биыл аяқталып, іске қосылатынын жеткізді.

ӘСКЕРГЕ БАРУ – АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжінде студент жастармен еркін форматта кездесу өтті.

Кездесуде аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету патриот жастардың қолында екендігін айтып, жастарды Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге шақырды. Сондай-ақ әскери борышын өтеген азаматтарға мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулар, мүмкіндіктер жайында түсіндіріп өтті.

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ

Аудан әкімінің орынбасары Диас Молдабаев бекітілген кестеге сәйкес азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Кезекті қабылдау барысында тұрғындар тарапынан тұрақты және қоғамдық жұмысқа орналасу мәселелері көтерілді.

Диас Асылбекұлы әрбір өтінішті мұқият тыңдап, заң аясында түсіндіру жүргізді. Сонымен қатар жұмыссыз азаматтарға бос қоғамдық жұмыс орындарын ұсынып, жұмыспен қамту бағытында атқарылып жатқан шаралар туралы ақпарат берді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Ауданда «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы аясында «Таза өлке – Жалағаш» атты ауқымды акция өтті.

Оған аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, қоршаған ортаны қорғау баршаға ортақ міндет екенін атап өтті.

Шараға зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, аудан ақсақалдары, этнос өкілдері, аналар және әйелдер кеңесінің мүшелері, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, жастар, еріктілер мен аудан тұрғындары белсенді қатысып, белгіленген аумақтарға 550 түп ағаш отырғызды.

КАНАЛДАР ТАЗАЛАНУДА

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев Жетікөл, Айдарлы ауылдарындағы «Жетікөл жарма» және «Ақтам» каналдарын механикалық тазалау жұмыстарымен танысты.

Бүгінде елді мекендерді тұрақты аяқсумен қамтамасыз ету үшін «Жетікөл жарма» каналының 16,5 шақырым бөлігінде кешенді тазалау және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ «Ақтам» каналының сағасы тазартылуда. Бұл жұмыстарға 9 экскаватор, 4 ауыр техника, 1 бульдозер және 2 қосымша арнайы техника жұмылдырылған.

ДАЛА КҮНІ

Аудан әкімі Айтбай Жандарбековтің қатысуымен Жөлек ауылдық округіндегі «Шолпан ана» шаруа қожалығының өгін алқабында алғашқы дән себіліп, «Дала күні – 2026» кәтемгі дала жұмыстарының басталуына арналған салтанатты шара өтті.

Шараға мәслихат депутаттары, аудан ардагерлері, зиялы қауым өкілдері және шаруа қожалықтарының жетекшілері қатысты.

Ауданда 1497 шаруа қожалығы тіркелсе, оның 217-сі өгін шаруашылығымен айналысады. Биыл 31 213 гектарға өгін егу межеленіп отыр.

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ

Биыл ауданда жол-көлік инфрақұрылымын дамыту және елді мекендердің ішкі жолдарының сапасын арттыру бағытында бірқатар жұмыс жоспарланған.

Осыған орай аудан әкімі Мажит Самитов Жаңақорған кентіндегі А.Иманов, А.Мұхамеджанұлы көшелерінде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу және Ш.Мұсаханбетов, Ж.Құлымбетов көшелеріндегі жол жабынын жаңалау жұмыстарының барысын көрді.

Аудан басшысы мердігер мекеме өкілдеріне сапаға ерекше мән беруді және жұмысты уақытылы аяқтауды қатаң тапсырды.

Дайындаған
Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

/// ӨНІР ӨНІМІ

РОБОТТАР ЖИҢАЗ ЖИНАЙДЫ

Қызылордадағы «Панабек» ЖШС заманауи жиһаз фабрикасының бұл саладағы тәжірибесіне 20 жылдан асып кетті. Өндіргі мектеп, балабақша, жаңадан ашылған нысандарды жиһазбен толық қамтиды. Сапасы жоғары болғандықтан сұраныс көп. Фабрика жұмысын көру үшін ұйымдастырылған пресс-турда жылына 20 мың жиһаз жасайтын кәсіпорынның тыныс-тіршілігімен таныстық.

Зауытқа заманауи автоматтандыру және цифрлық басқару жүйелері толық енгізілген. Атап айтқанда, Hyundai маркалы роботтар ағаш кесу және лазерлік дәнекерлеу жұмыстарын атқарады. Сонымен қатар, өндіріс процесінде ЛДСП кесу орталықтары, ПВХ жабыстыруға арналған автоматтар, MDF өңдеу желілері, ЧПУ станоктары, металл өңдейтін лазер және құбыр кесетін құрылғылар кеңінен қолданылады.

Күнделікті тұрмысқа қажетті жиһаз қалай жасалады, оған қандай материал қолданады, қайда саудаланып жатыр деген сұрақтарға фабрика басшысының орынбасары Альбина Жеткерген жауап берді.

— Цех 2000 жылы ашылды, нарықта 25 жылдан бері еңбек етіп келеді. Бастапқы кезде шағын аумақтан бастау алған кәсіп қазір фабрикаға айналды. Мемлекет тарапынан қолдауға ие болды. Облыс әкімдігі мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының да көмегі көп. Игі бастаманың арқасында былтыр жаңа нысанға орналасты. Заманауи автоматтандырылған құрал-жабдықтарға қол жеткізді. Робот станоктар алдырып, жұмыстың өнімділігі артты. Ең бірінші кезекте сапаға мән береміз. Қазір жиһаз жасауға бұрынғыдай көп уақыт кетпейді. Жылдам әрі сапалы жасауға мүмкіндік бар.

Фабрика үш бөліктен тұрады. Бірінші бөлікте тұтынушы үшін жиһаз түрлері, материалы мен түсін таңдауға мүмкіндік бар. Арнайы каталог бойынша жұмыс істейміз. Дизайнердің тегін көмегіне жүгіне алады.

Ал цех екі бөлікке бөлінеді. Бірінде ағаш, екіншісінде темір бұйымдары жасалады. Үй, кеңсе жиһазынан бөлек, әлеуметтік нысандарға, мектеп, балабақша мен емханаларға да түрлі жабдықтар жасаймыз. Биыл үш мектепті жиһазбен толық қамтыдық. Алда әлі жоспар көп. Сондай-ақ жылдан жылға тапсырыс аясы кеңейіп келеді. Өзге калалардан да сұраныс жоғары, — дейді ол.

Кәсіпорында 3D жобалау технологиялары енгізіліп, әрбір тапсырыс цифрлық форматта әзірленеді. Өндірістің барлық кезеңін қамтитын цифрлық жүйе жұмыс істейді, оның ішінде ақауларды автоматты анықтау кешені өнім сапасын тұрақты бақылайды. Үдерістер толық басқарылатын цифрлық ортада жүзеге асырылуда.

Кәсіпорын аумағында 1000 шаршы метрлік шоурум мен көрме орталығы, 4000 шаршы метр өндірістік цех және заманауи жабдықталған қойма орналасқан. Нысан кең әрі мұнтаздай таза. Мұнда жұмысшы үшін де барлық жағдай қарастырылған.

Қазіргі таңда өнімдері негізінен ішкі нарыққа бағытталған. Дегенмен, алдағы екі жыл ішінде компания Өзбекстан және Кыргызстан нарықтарына шығуды жоспарлап отыр. Осыған байланысты халықаралық сертификаттау рәсімдері басталып, логистикалық тізбектерді қалыптастыру және серіктестік байланыстар орнату бағытында келіссөздер жүргізілуде.

Фабриканың бас технолог маманы Серік Байзақов цех ашылуына жұмыс істеп келеді. Ол мұндағы жұмыс процесіне тоқталып, шикізаттың қалай дайын өнімге айналатынын айтып берді.

— Цех толық автоматтандырылған. Әр станок арнайы бағдарламамен жұмыс істейді. Алдымен ағаш материалды көлеміне қарай кеседі. Одан әрі тесу станогына жіберіледі. Келесі кезекте жапсырма жапсырылып, құрастырылады. Бұл құрылғылар күніне 200-ден астам жиһаз дайындайды.

Егер тапсырыс көбейсе, екі есеге дейін орындауға күші жетеді. Техника болғаннан кейін әр деталь қатесіз орындалады. Жиһаздың үлгісін дизайн маманы дайындап, бізге әкеледі. Оны технолог мамандар іске асырады. Шикізат, яғни ағаш Ресейден тасымал-



данады. Фурнитураны Қытайдан, Еуропадан және өзге де елдерден алдырамыз. Шыны — жергілікті кәсіпкерлердің өнімі. Темірге Ресей мен Қарағанды, Шымкент, Алматы сынды калаларға тапсырыс береміз.

Сондай-ақ көрме залын жасадық, өзімізден шығатын барлық жиһаздың үлгісін шығарып қойды. Түрі, түсі мен материалы, сәніне байланысты каталог жасадық. Тұтынушы келіп, түсін таңдап, қалауын айта алады. Сол бойынша жасап береміз, — дейді бас технолог.

Байқасақ, қазір ірі өндіріс орындарының қарлығы дерлік заманауи технологиялардың игілігін көруде. Нәтижесінде жұмысы



өнімді әрі сапалы. Адамның қол еңбегі аса қажет етілмейді. Тек технология тілін меңгеріп, бағдарламаларды дұрыс басқара білсе болғаны. Бұрын дайын өнімге қол жеткізу үшін ұзақ уақыт пен қайта-қайта өңдеу керек болса, қазір заманауи технологияның арқасында шикізат лезде дайын өнімге айналады. Бұл бір жағынан жұмыс өнімділігін арттырса, екінші жағынан уақытты үнемдеуге жол ашты.

— Қазіргі станоктар автоматтандырылғандықтан, бұрынғыдай бірнеше құрылғыдан өтпейді. Әрі кетсе 3-4 станок жеткілікті. Мысалы ағаш кесетін болса, арнайы құрылғыға келіп түседі. Оның тиімділігі көп, тапсырыс түскенде бір ретінде 5 тақтаға дейін, яғни күніне 200-250 тақта кеседі. Сосын тесетін станокқа жіберіледі. Күніне 3000 деталь теседі. Екінші металл бөлікте лазермен кесіледі. Баяғыдай қол жұмыс жоқ. Тіпті болт салынатын жерін де тесіп береді. Бұл құрылғы да күніне 300

деталь теседі. Қайыруға арналған станок та бар. Ең бастысы, мұнда жұмысты өндіретін дәнекерлеуші робот бар. Ол 7-8 адамның жұмысын бір мезетте атқарады. Тек темірді салып беріп тұрса болды, күніне шамамен 200 партаны дәнекерлейді. Одан әрі дайын болған жиһазға бояу жағылады. Құрылғы күніне 150 жиһазға жағады. Боялған зат он минуттың ішінде кептіріліп, дайын өнімге айналады. Кептіруге арналған пеш 200 градуста қыздырылады, — дейді ол.

Жалпы елімізде жиһаз өндірісі қарқынды дамып келеді. Ірілі-ұсақты кәсіпорын көптеп ашылып, отандық нарыққа бәсеке артуда. Құрылыстың белсенді жүргізілуіне байланысты жиһаз өнімдеріне деген сұраныс та жоғары. Осы



ретте «Панабек» ЖШС жоғары сапалы өнімдерімен өңір тұрғындарының сеніміне ие болып, экономиканың дамуына тұрақты үлес қосып келеді.

Өңірде кәсіпкерлік саласында серпін бар. Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының дерегіне, былтыр өңдеу өнеркәсібі 6,4, сауда айналымы 7, шағын және орта кәсіпкерліктің өнім шығару көлемі 30,5 пайызға артып, экономикадағы үлесі 20,5 есеге ұлғайды. Негізгі капиталға тартылған инвестиция 10,6 пайызға артты. Өнеркәсіп саласында 1 трлн теңгенің өнімі өндірілді, 55 пайызы тау-кен өнеркәсібі, мұнай өндіру үлесі 77 пайыз.

Өңірде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, жаңа ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда. Экономиканы әртарапандыру мақсатында алдағы үш жылда 98 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 12 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылады.

Өткен жылы 27 инвестициялық жоба жүзеге асты. «Қызылорда Саз-М» серіктестігінің толық автоматтандырылған кірпіш зауыты ашылып, жылына 90 млн кірпіш шығарып, жергілікті құрылысқа қажетті сұраныстың 90 пайызын қамтамасыз етуде. «Қызылорда Нан» серіктестігінің нан өнімдері кешені, айна шығару, өнімі экспортқа бағытталған түйе сүтінен жылына 392 тонна құрғақ ұнтақ, күріш және ас тұзын өндіру зауыттары және шағын өнеркәсіптік аймақ іске қосылды.

Бұдан бөлек, 14 ірі жобаның құрылысы басталуда. Жакын арада «Шалкия» кен-байыту фабрикасы, «Севен Риверс» компаниясының шыны бөтелке шығаратын зауыт құрылысы басталады. «Арал сода» серіктестігінің кальцийленген сода өндіретін зауыты жобасының құрылысын бастау бойынша ЕРС-шарттың негізгі талаптарына қол қойылды. Былтыр корейлік «Уиз Ю» компаниясы тұрмыстық қатты қалдықтар сұрыптау кешенін, «Риксос» қонақүйінің құрылысын бастады.

«Табиғи тас Қызылорда» серіктестігі жылына 1 млн 100 мың тонна әк шығаратын зауытын іске қосады. Испандық «Рока групп» компаниясы жылына 500 мың бұйымға дейін санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары технологиялық зауыт салу жөнінде инвестициялық келісімге қол қойды. Биыл тиісті құрылыс жұмыстары басталады.

Облыста кәсіпкерліктің даму қарқыны белсенді, бүгінде шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 20,5 пайыздан асты. Аймақта 65 мыңнан астам кәсіпкер болса, онда экономикалық белсенді тұрғындардың үштен бірі (32,9%) еңбек етеді. Өткен жылдың 9 айында тұрақты жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпорындардың өнім шығару көлемі артып, өсім 30,5 пайыз болды.

Мемлекеттік қолдау шараларының аймақта жүйелі әрі тиімді жүзеге асырылып, кәсіпкерлік саласындағы негізгі көрсеткіштердің өсімін қамтамасыз етті. Былтыр жеке кәсіпкерліктің 2929



Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

БАСЫҚАРАНЫҢ БАЛЫҒЫ



Бүгінде республикада 700-ден астам балық шаруашылығы субъектісі жұмыс істейді. Олардың басым бөлігі Түркістан, Жамбыл, Атырау, Қызылорда, Алматы және Шығыс Қазақстан облысында орналасқан. Бағдарламаға сәйкес, Сыр елінде де 2030 жылға дейін балық өсіру көлемі 16 мың тоннаға дейін жеткізілмек. Сондай-ақ тауарлы балық өсіретін шаруашылық санын 55-ке жеткізу жоспары бар.

Кейінгі жылдары мұндай шаруашылық құру облыстағы әр ауданда жанданып келеді. Айталық, екі жыл бұрын Қазалыдағы Басықара ауылында «Арал Рыборг» ЖШС жалпы көлемі 464 гектар жерді құрайтын балық тоғаны шаруашылығы құрылысын бастады. Ал былтыр аталған серіктестік өз тоғандарына су жіберіп, 360 мың түрлі шабақ салған.

— Басықара елді мекені тұсынан бұрын кеңестік кезеңдегі тоған орындарын қайта жаңғырту жолымен өндірістік қуаттылығы үш жыл ішінде 1000 тоннаны құрайтын тоған шаруашылығын құру жобасы іске асырылды. Шаруашылық жеке инвестиция есебінен жүзеге асырылуда. Жобаның жалпы аумағы — 464 гектар, оның 362 гектарына тауарлы балық өсірілсе, 102 гектары балық шабақтарына арналған. Сонымен қатар, тоған жанынан инкубациялық цех ғимаратын салу жоспарланып отыр. Шаруашылықта тұқы тектес балық түрлері өсіріліп, арнайы бағымнан сон нарыққа шығарылады, — дейді Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Жанқожа Сапаров.

Ал «Арал Рыборг» ЖШС-ның жетекшісі Қуаныш Өмірзақовтың айтуынша, алдағы күзде тоғандардан 500 тоннаға жуық тауарлы балық алу жоспарлап отыр. Негізгі мақсат — өсірілген тауарлы балықты сауда сәулерінде қолжетімді бағамен халыққа ұсыну.



Қазір шаруашылықта 4 жаздық тоған болса, оның екеуіне балық жіберілген. Кәсіпкер 2027 жылға қарай шаруашылықта тағы да балық тоғандарын іске қосып, жергілікті халықтан 30-ға жуық адамды жұмыспен қамтитынын айтып қалды.

Жалпы «Арал Рыборг» серіктестігінің құны 650 млн теңге болатын тауарлы балық өсіру жобасы өңірде саланы дамытуға, жергілікті өнім көлемін арттыруға және ауыл шаруашылығы саласының әлеуетін күшейтуге бағытталған. Жобаның 308 млн теңге қаржысы кәсіпкердің өз есебінен болса, қалған 342 млн теңгенің несиелеуге «Байқоңыр әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арқылы құжаттары ұсынылған.



Сондай-ақ осы шаруашылықтың құрылтайшылары бұған дейін Арал ауданының Аманөткел ауылдық округінде тоған шаруашылығын іске қосқан болатын. Тоған 5,3 гектар аумақты алып жатыр, оған қоса шаруашылық жанынан қуаттылығы жылына 12 миллион шабаққа арналған инкубациялық цех құрылысы басталған еді. Аталған уылдырық цехі келер жылы іске қосылатын болады.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

/// ЖЕҢІС – 81

Біршама ұзақ өмірінен көңілге түйгенім, адамның кісілік пайымын, болмысын қадірлеп-қастерлеуде бұрынғы түсініктен өзгеше көзқараспен қарайтын сияқтымыз. Сол көзқарас кейде жақсы, ізгі атаулының парқын елеуге әкелгені жасырын емес. Сондықтан ізгіліктің шарапатын айтуда ұстаз болған майдангер Аскарбай Байбазаров ағамыздың өнегелі өмірінен қысқаша үзінді келтіріп, сыр шертуді парызым деп саналдым.

Аскарбай Байбазаров 1922 жылы Жалағаш ауданындағы Ақсу ауылында дүниеге келген. 1940 жылы аудандағы Ленин атындағы орталау мектепті бітірген, 1941 жылы Кеңес әскері қатарына шақырылып, Ақтөбе қаласында жасакталған 101-атқыштар бригадасында командирдің көмекшісі болып қызмет атқарған. Екі жыл кескілескен ауыр шайқастарға қатысып, 1943 жылдың маусым айында ауыр жарақат алып, елге мүгедек болып оралған.

Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «1941-1945 жылдары Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған.

Елге оралғаннан кейін Ақсу ауылында әртүрлі жұмыс атқарып, 1944-1946 жылдары Алматы заң мектебін бітірген, 1946-1950 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян аудандық прокурорының көмекшісі, одан 1951-1954 жылдар аралығында Павлодар облысының Май, Цюрупта аудандарының прокуроры, 1954-1958 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс ауданының прокуроры, 1958-1960 жылдары Талдықорған облысы Сарканд аудандық прокуратурасының тергеушісі қызметтерін атқарып, туған жері Қызылорда облысына оралған.

Әуелі Теренөзек аудандық прокурорының көмекшісі, облыстық прокуратурасының тергеу бөлімінің прокуроры, әрі қарай облыстық прокурордың аға көмекшісіне тағайындалған.

А.Байбазаров 1966-1971 жылдары Жаңақорған аудандық прокуроры, 1971-1980 жылдары (екі мерзім) Қазалы аудандық прокуроры, 1980-1985 жылдары облыстық прокуратураның тергеу бөлімінің прокуроры қызметтерін атқарып, сол жылы зейнет демалысына шыққан.

Аскарбай ағамыз қызмет атқарған аймақтарда жергілікті прокуратура органдары беделінің жоғарылауына үлесін қосты. Прокуратура тек жазалаушы орган ғана емес, сонымен қатар халықтың мұң-мұқтажын тыңдайтын, заңның өз дәрежесінде орындалуына



МАЙДАНГЕР ПРОКУРОР

жоғары қадағалау жүргізетін орган екенін халық арасында кеңінен насихаттауға белсене қатысқан.

Прокуратурадағы еңбек жолында адам тағдырына байланысты күрмеуін шешкен істер аз болмаған. Бұрынғылар Алладан «қызметімді, байлығымды алсаң да абыройымды алма» деп тілейді екен. Бұл кісі де қасықтап жиган абыройының қадірін білді. Қызметтес болған және Ұлы Отан соғысына қатысқан С.Караманов, П.Әбдірахманов, Ж.Өтеміратов және А.Сапарбековпен сыйласа, бірін-бірі құрметтеді.

Жас мамандарға прокурорлық қызметтің мәртебесін, оған лайықты болу үшін тек дипломының болуы жеткіліксіз екенін, заңдылықты қорғаушының өзі ең бірінші білімі терең, біліктілігі жоғары, мінезінә әдебі сай, оқығаны мен тоқығаны мол маман болу керектігін ерінбей-жалықпай қайталап отыратын.

Әдетте жұртшылық прокуратура органына сенім арта отырып, сын көзбен қарайтыны белгілі және түсінікті де. Отбасындағы, тұрмыстағы мінез-құлқымен, теріс әрекеттерімен қоғамда өзі туралы жағымсыз пікір тудыратын болса, оның қабылдаған шешімдерінің заңдылығына қарамастан, халық арасында сенімсіздік тудыратыны туралы да жас қызметкерлерге ескерте жасауды естен шығармайтын.

Талап қойғыштығы, турашылдығы мен қайсарлығы, заңдылық пен құқық тәртібін бұзушылармен күрестегі табандылығы өзімен қатар қызмет атқарған әріптестеріне үлгі-өнеге болды.

Қазалы ауданының прокуроры болып қызмет атқарған он жылдағы заңдылықты қадағалаудағы көрсеткіш-

теріне үнілсек, аталған мерзімде аудан көлемінде ауыр қылмыстардың біршама азайып, қылмыстың алдын алу шарттарының ұлғайғаны байқалады.

Заңдылықты қорғаудағы игілікті істері КСРО, ҚР және облыстық прокуратура басшылығы тарапынан мадақталғаны ағамыздың адал еңбегінің әділ бағаланғанының айғағы деп айтуға болады.

Ұлы Отан соғысының және прокуратура органының ардагері Аскарбай Байбазаров 1992 жылы 70 жасында дүниеден озды.

Оның қанды шайқаста ауыр жарақат алып Мәскеу госпиталінде емделіп жатып, елге, туған жеріне сағынышпен өлеңмен жолдаған хатын қалың оқырманға таныстыруды жөн көрдім.

Хат жаздым, қалам алып жаным, анам, Әртүрлі қиындықта болған панам. Айттайын, естіртуге оқиғаны, Жарақат қан майданда алған балаң. Қызыл тіл, қаусырма жақ енді сайра, Қанықсын бұл жақтағы біздің жайға.

Бәрі алға ұмтылды, Танкілерін жіберіп Зұлым жау тағы құттырды. «Танкі» деген бір дауыс, Құлаққа оқыс шақ етті. Қарасам, қара аждаһа Сықырлап таяп, кеп қапты Он метрдей шамасы, Ойлануға уақыт жоқ, Өте жақын арасы, Өлді деген ой келді, Байбазардың баласы. Оң жағамға қарасам,

Мидай жазық дала екен.

Сол жағамға қарасам,

Бір қарағай пана екен.

Не де болса тәуекел,

Сол қарай бұрылдым.

Қарағайды паналап,

Әрі өтуге ұрындым.

Өрі жағына өте алмай,

Қара басып сүріндім.

Қайран анам, кош бол деп

Сол жерде жаннан түнілдім.

Жия алмадым аяқты,

Келмей қалды күшім де.

Қас-қағым сәт өткен жоқ

Танкі кеп тұрды үстімде.

Осылай жаралы боп жатып қалдым,

Күн суық, қарлы аязда қатып

қалдым.

Қиналып жан шығар деп

қармаланып,

Қамығып сіздерді енді ойға алдым.

Көре алмай көздеріңді

кеттім-ау деп,

Қасірет-қайғы шегіп қапаландым.

Қиналып әл үстінде жатқанымда,

Азыбан ауыр халдің тартқанымда,

Қанжоба, Тәжібай және

Қазыбектер,

Себепкер өлмей дәм-тұз татпағым.

Тәжібай төшкенді еді бұландыған,

Қазыбек – Қазалыдан бір арнадан.

Қанжоба Сарыағаштың жігіті еді,

Сымбатты сұлу мүсін сыялданған.

Бәрі де өз елінің өрендері,

От кешіп, Отан үшін ұрандаған,

Азаппен азды-көпті жолда жүріп,

Шыдамай жаракаттан зорға жүріп,

Мәскеулік госпитальға келісімен,

Докторың жетіп келді ол да кіріп.

Көрем деп аяғымды дөзеп қалды,

Деп едім сол бір сәтте шығар

жанды,

«САБАНТОЙ-2026» МЕРЕКЕСІ ӨТТІ

Қаладағы Батырхан Шүкенов атындағы саябақта татар этносының дәстүрлі ұлттық мерекесі – «Сабантой-2026» аталып өтті. Бөреке мен бірлікті, еңбек пен достықты дәріптейтін мерекеге қала тұрғындары мен қонақтары, этномәдени бірлестіктер өкілдері, зиялы қауым және өнерсүйер қауым қатысты.

Мерекенің шымылдығы «Сарман» вокалдык тобының орындауындағы «Сыр елім» әнімен түрліліп, ұлттық әндер мен әсем биімен жалғасқан концерттік бағдарлама көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Сахна төрінде қазақ және татар мәдениетін айшықтайтын өнер туындылары ұсынылды.

Салтанатты шарада жиналған жұртшылықты облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Қамбаров құттықтап, өңірдегі этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді нығайту жолындағы мұндай игі бастамалардың маңыздылығына тоқталып, сабантой мерекесінің халық арасындағы достықты, өзара құрмет пен ынтымақтастықты арттырудағы ерекше ролін атап өтті.

Сонан соң ұзақ жылдан бері орталықпен тығыз байланыста еңбек етіп келе жатқан белсенділерге құрмет көрсетіліп, облыс әкімі мен облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының Алығы хаты табысталды.

Мерекеді облыстық татар этномәдени орталығының төрағасы

Галия Гизатуллина сөз сөйлеп, сабантойдың тарихы мен тағылымына тоқталды.

Жылында Татарстан Дүниежүзілік конгресі Аткару комитеті мен Татарстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Өкілетті өкілдігі тарапынан да бірқатар азаматтар арнайы марапатқа ие болды.

Іс-шара аясында ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып, қатысушылар татарша күрес, арқан тарту, қол күрес және ауыр салмақ көтеру секілді сайыстарда бақ сынады. Жеміспаздар арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Балаларға арналған ұлттық ойындар да көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

Сонында Татарстан Республикасына арнайы келген өнерпаздар – Татарстан Республикасының еңбек сіңірген артистері мен Қазан қалалық филармониясының өкілдері мерекелік концерт ұсынып, көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлады.

«СБ» ақпарат



«Текіден текті туады, Тектілік тұқым қуады. Тектілердің тұяғы, Таңдайды құз-қияны. Шын тектілер халқы үшін, Өлімге басын қияды. Жақсы-жаман деместен, Жанына жұртын жияды...»

Бекасыл әулие осылай депті. Бұл жолдар Сыр бойының тумасы, белгілі қоғам қайраткері, кезінде нақақ «халық жауы» атанған, қиянаттың құрбаны болған атам Темір Камалов пен оның тұяғы, әкем Болат Темірұлына арналғанды.

Болат – Темір мен оның туған немере інісі Ыбырайым Тәжіевтің өнегелі ісін жалғастырушы. Әкесі жала жебесіне ілініп, ұсталып кеткенде бір-жоғы алты айлық сөздің пешенесіне балалық бал шақ қиял боп бұйырды. Қатіра әкем Болатты мен Еркіннің аты жаман теңеуден арашалы алмаған кезінде жаны талай ышқынған. Көз жасына ғана ерік бергенмен, ешкімнің мүсіркеуін қажетсінбеген қайратты һәм нәзік әйелдің бір ғана арманы болды. Ол – Темірдің көзі Болат пен Еркінді азамат етіп өсіру, әуелі Құдай, аға аманатына титтей де қиянат етпеу.

Шүкір! Ана арманы, әке аманаты толығымен орындалды. Жастайынан білім десе ішкен асын жерге қойған әкем мектепті өте жақсы оқыған, үздік бітірген. Бірден-ақ Алатау баурайындағы Алматы ауыл шаруашылығы институтына оқуға қабылданған. Сонда оқып жүріп, арына дақ, бетіне салық, сүйекке таңба болған «халық жауының баласы» деген аттан арылды. Әкесі ақталды. Бұрыннан да оқуға зерек, ғылымға ұмтылған жастық бұл қуаныштан соң зейіні одан сайын ашыла түсті. Жана тынысы, жана леп әкесінің жана атымен бірге келді.

Ес білгенде әкем Болат ұлт жақсылары И.Тоқтыбаев, Т.Жүргенов, Ө.Құдабаев, С.Есқараев, Ғ.Мұратбаев, С.Сапарбеков, С.Кожанов, Т.Рыскуловпен қатар жүрген, қазақ халқы келешегінің кемелденуіне жас өмірін құрбан еткен әкесі Темірдің қалайша «халық жауы» болғанына түсіне алмаған. Бұл жайындағы барлық деректі құжаттарды



ПАРАСАТ БИГІ

іздеп тапты. Осылайша 1938 жылдың 28 ақпанында Алматыда атылған әкесінің ақталғаны туралы хабар 20 жылдан соң, 1958 жылы жетті.

Тектілік ата жолы, әке қаны мен ана тәрбиесінен бойына қуат боп құйылған әкем туған жерінде ауыл шаруашылығы саласында еңбек етті. Көп жыл бойы қазіргі Қорқат ата атындағы Қызылорда университеті, сол кездегі Қызылорда политехникалық институтында оқытушылық қызмет атқарды. Құрылыс және металлургия машиналар кафедрасының меңгерушісі, доцент, механика факультетінің деканы бола жүріп, тәрбиесіз берілген білім ұрпақтың қас жауы екенін жаныммен түйсінді. Түйсінді де, тегіндегі инабат, иба, мейірім мен жүрек жылуын өзі оқытып, тәрбиелеп жатқан білімгерлерге барынша беруге тырысты. Осылайша абыроймен жауапкершілігі алдында пайым-парасат биігінде тұрақтаған ол мүйізі қарағайдай ғалымдар, профессор-докторлардың жоғары бағасына ие болды. 1990 жылдың қазан айында Мәскеу қаласындағы Е.Алексеевский атындағы Су шаруашылығы және егістікті суландыру жүйелерінің бүкіл-одақтық мемлекеттік жобалау мен зерттеу институтының арнайы ғылыми кеңесінде «Егін шаруашылығын суландыру» мамандығы бойынша «Қызылорда облысының күріш егу жүйесіндегі канал-

дар мен қарталық суландыруды пайдалану» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын профессор В.Суриковтың жетекшілігімен қорғап шықты.

Ыбырай Жакаев баладай мәпелеген дақыл – Сыр күрішінің береке мен бірліктің тетігіне айналуына арда азаматтармен бірге тізе қосып, аянбай еңбек еткендер қатарында әкем Болаттың да есімі құрметпен аталады. Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтының механикаландыру секторы меңгерушісі бола жүріп, бірнеше ғылыми зерттеу жұмысына жетекшілік жасап үлгірді. Күріштің ауыспалы егістіктегі су жүретін арналары мен қашыртқы каналдарды тазартуды механикаландыру және канал тазартқы жұмыстардың ауыспалы істеу технологиясын жетілдіру үшін барын салды, білімін жетілдіріп отырды. Сондай-ақ Сыр бойы ғана емес, Қазақстан үшін тиімді болған күріш өндірісін механикаландыруда жер өңдеу, тұқым себу, арам шөптен тазарту, егінді жинау мен сұрыптау, т.б. технологияларды пайдаланудың қыр-сырын білді, үйретті, нәтижеге қол жеткізді. Нақты ғылымның шаруа үшін қызмет етуіне мұрындық болды, қызу еңбектің бел ортасында жүрді.

Күрішті тек тағам ғана емес, ғылыми негізі бар, бүкіл әлем мойындаған жауһар деңгейіне көтеруде де

Қарасам одан әрі қауқылдасып, Жатқын деп қимылдамай

гипс салды.

Жатырмын госпитальда

көзім жайнап,

Жүруге шама келмей тілім сайрап.

Бұрынғы өткен күндер ойға оралып,

Жүрегім ішке сыймай кетер қайнап.

Ағайдан тоғыз ай болды

хат келмейді,

Санамен сарғамын оны да ойлап.

Күпті боп көңіл шіркін алаңдайды,

Күшпенен тоқтатамын

қойшы-қойлап,

Осылай өтіп жатыр өмір шіркін,

Сағыныш өзекті өртеп

дүркін-дүркін.

Жазылып еліме есен барармын ба,

Жарқырап туған айдай болып

бір күн.

Қызығын бұл дүниенің

көргенім жоқ,

Көксейді әлденені көңіл шіркін.

Досың көп қалтаңызда пұл

болғанда,

Жалғыздық қиын екен бұл

жалғанда.

Ойыңа жай уақытта түк келмейді,

Бәрі де еске түсер қиналғанда

Кеш болып, күн уақыт бесін еді,

Аяқтың емін доктор кесу деді.

Кесуге аяғымды келіспедім,

Мұнысын ойға салып теріс дедім.

Деп едім қиналғанда өлер ме екем,

Елім-ай сені аман көрер ме екем.

Соғысты залым Гитлер бастамаса,

Мұнша ауыр азап шегер ме екем.

Қайран ел қауышам ба есен-аман,

Жарылқап күн туғызып

хақ тағалам.

Шама жоқ әрі-бері қимылдауға,

Қасыма қиналсам да келмейді адам.

Таусылмас қанша зорлап

егілсем де,

Ішқұса болып жатқан мендегі

арман.

Жан апа, нағашылар өкпелеме,

Хатымды осыменен еттім төмам.

Аскарбай Байбазаров

1943 жыл, Мәскеу госпиталі.

Майдангердің қарапайым сөздерден тізілген өлең жолдарын оқығанда, қаншама ауыр жағдайда болса да, өмірге құштарлығын, жауға деген өшпенділігін, ағайын-туыстарына деген сағынышын терең сезіммен жеткізуге талаптанғанын байқауға болады.

Соғыстан аман оралып, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қорғауда адал еңбек етіп, артына өшпес мұра қалдырған Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің өнегелі істерін насихаттап, құрмет көрсету бүгінгі ұрпақтың міндеті болып саналады, өйткені бұл – ағалар алдындағы біздің парызымыз және борышымыз.

Қ.ЖӘНИУЛЫ,
ҚР Прокуратурасының
құрметті қызметкері,
еңбек ардагері

ғалым Болат Темірұлының еңбегі айрықша. Өндіру мен жетілдіру үшін қажетті механика тетіктерін ғылыми айналымға түсіруге бірнеше ғылыми зерттеу жұмысына жетекшілік етті. Шәкірттерінен ұстаздық, аға, әкелік қамқорлығын аянып қалмады. Содан да болса керек, оны «ұстазым» деп үлгі тұтып, құрметтейтін шәкірті көп. М.Тобашев, Д.Әубәкіров әкемнің ғылыми кеңесшілігімен Мәскеу гидромелиоративтік институтының мамандандырылған кеңесінде кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғап шықты. Ол К.Шакиев, Н.Әбілдаев, Е.Ысқаков, Е.Қоларовтың ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасады.

Жұмысында қандай тиянақты болса, үйде соншалықты талапшыл, десе де жүрегі мейірімге толы жан еді. Балаларының өздері қалаған мамандық иесі болуы үшін жігер, қайрат берді. Қиындыққа мойымауды, барға қанағат, жокқа шүкір етуді үйретті. Науқасы жанына батса да, мейірімге толы жанары бізді аялап жатты. Соңғы демі қалғанша анама деген құрмет, махаббаты зор болды. Анамның ыстық алақанын өзінің ауру мендесе де, қайраты қайтпаған саусақтарымен аялай ұстап, қоштасқаны әлі күнге дейін көз алдымда. Әкеңіз бала үшін осыншалықты қымбат екенін сөзімен ғана емес, бар болмысымен құтырған жанның жарқын бейнесі күннен күнге биіктей түсуде.

Болат Темірұлы жұмыста профессор, іс үстінде маман, ел ішінде қадірлі азамат, үйде әке

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ



КӨҢІЛ ТЕРБЕГЕН КЕЗДЕСУ

Қызылордада тағылымы терең әдеби кеш өтті. Ө.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханадағы іс-шарада мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы Әкім Ысқақтың «Өлімді жеңген махаббат» және «Алтыным» шығармаларының қарақалпақ тіліндегі аудармалары көпшілікке жол тартты.

Кештің шымылдығы сырлы әуенмен ашылып, жиналған жұртты бір сәтке өткен мен бүгінді жалғаса рухани көпірге жетелегендей әсер қалдырды. «Сөз – халықтың жаны» дегендей, қаламгер туындыларының басқа тілде сөйлеуі ұлт руханиятының өрісі кеңейгенін айқын көрсінсі болды.

Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов облыс әкімінің құттықтауын жеткізіп, қаламгер еңбектерінің жас ұрпаққа тағылым, ұлтқа рухани қазына екенін атап өтті. Ө.Ысқақтың шығармалары оқырман жүрегіне жол тауып, талай жанға үміт отын сыйлап келеді.

Кешке жиналған зиялы қауым өкілдері, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Қарақалпақстан, Петропавл, Астана, Алматы, Шымкент және Түркістаннан арнайы келген делегациялар рухани шараның мәнін арттыра түсті. Кітаптардың мазмұнын мен маңызы туралы толымды пікір білдіріп, қазақ пен қарақалпақ әдеби байланысының нығая түскенін ерекше атап өтті.

Жазушы шығармашылығы кеңінен таныстырылып, «Өлімді жеңген махаббат» туынды-

сының арқауына айналған қызылордалық ақын, әуесқой сазгер Қайратбек Бакбергеновтің тағдыры туралы тебіреніске толы ойлар айтылды. Оның шынайы махаббатқа толы ғұмыры – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Ал көпшілікке кеңінен танымал «Алтыным» кітабының бірнеше тіліне аударылуы қазақ сөзінің әлемге жол тартқанын айғақтайды.

Салтанатты жиынның соңында кітаптардың түсауескер рәсімі өтіп, оқырман қауым жаңа туындылармен жақынырақ танысуға мүмкіндік алды. Бұл – тек кітап таныстыру ғана емес, рухани үндестіктің, бауырлас халықтар арасындағы мәдени байланыстың жарқын көрінісі.

Айта кетейік, түсауескерге келген делегация аймақтың тарихи-мәдени келбетімен танысты. Қонақтар қаланың жаңарған келбетін айшықтайтын саулетті нысандарды аралап, өңірдің бай мұрасы мен қарқынды дамуына жоғары баға берді.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

АҚЫНДЫҚТЫҢ АСҚАР БИГІ

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын Асқар Кіребайұлының туғанына 80 жыл толуына арнайы ақынның туған жері – Жалағаш ауданы, Есет батыр ауылында «Сырлы өлеңдер өлемі» атты жыр-мұшайра өтті. Жасөспірімдер арасындағы бәйгеде алақандай ауылдан шығып, Алашқа танылған ақынның адами болмысы, өнегелі өмірі өлеңге арқау болды.

Ақын есімі ұлықталған кешке «Сыр медиа» серіктестігінің бас директоры Марат Аралбаев, Мәдениет саласының үздігі, айтыскер ақын Айдос Рахметов, қалалық «Жас-тар театры» директорының орынбасары, «Күміс домбыра» негері Бексұлтан Орынбасар және ақынның отбасы, ағайындары, ауыл тұрғындары қатысты.

Жиынды ауыл әкімі Дәулеткерей Тәжібаев ашып, тағылымды кештің мазмұнына тоқталып, жыр сайысына қатысушы жастарға сәттілік тіледі. Сондай-ақ «Сыр бойы» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Қуат Шарабидинов, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбдіқайыр Өйтөмов сөз сөйлеп, ақын Асқар Кіребайұлының өмірі мен шығармашылығы, Сыр өңірі мәдениеті мен өнерін дамытуға сіңірген есепті атап өтті.

Қазантөбес атындағы мәдениет үйінің өнерпаздары ақын шығармашылығынан жыр шумақтарын оқып, жарыққа шыққан кітаптарына шолу жасады. Жыр-мұшайраға қатысушылар байқаудың ережесі бойынша

Асқар Кіребайұлына арнау және еркін тақырыпта бір өлең оқыды.

«Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» демекші, жас талапкерлердің әрқайсысы ой-пайымын өзінше өрнектеуге тырысқаны байқалды. Өйтсе де үздіктер анықталып, лайықты жүлдесін иеленді. Жалағаш ауданынан қатысқан Береке Қалдыбай бас жүлде, Қаракеткен ауылынан Арайлым Темірхан I орын, Есет батыр ауылынан Мадиар Рысбай II орын, Жаңаталап ауылынан Өркен Дулат III орын, Бұқарбай батыр ауылынан қатысқан Диана Байхожаева Асқар Кіребайұлы атындағы арнайы жүлде иегері атанды.

Мәуе қағып, шенгел, жиде, жекені, Эр бұтаның бөтені жоқ, бөтені, Қиялшылдау құйттай кара баланың, Арманына қанат болған мекені, – деп ақынның өзі жырлағандай, туып-өскен мекенінде осындай тағылымды іс-шара өтіп, әрі қарай көделі аспен жалғасты.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ТАҒЫМ

АДАЛ ДОСТЫҚТЫҢ АРҚАУЫ

Адам өміріндегі үлкен жетістіктерінің бірі – адал дос таба білу. Кез келген қиыншылық пен қуанышты өзіңнің адал досыңмен бөлісіп, сырласқың келеді. Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шырт сынары анық... Кеше ғана арамьзда бекзат болмысымен жарқылдап жүрген Қамбарбек досымыздан қапыда айырылғанымызға жыл толыпты. Сыр елінің асыл азаматының аз ғана алтындай ғұмыры елу екі жасында мәңгілік ағысқа ауысты. Зымыраған уақытқа тоқтау бар ма? Бір қанатымыз қайрылғандай күй кешіп жүрміз. Өлім түгілі өкпеге де қимайтын адал дос жайлы ендігі жерде тек естелік айтамыз деп кім ойлаған?...



Досымыз Қамбарбек Амангелдіұлы Мұбарқов 1973 жылы 2 наурызда Жаңақорған ауданы, Түгіскен ауылында өнегелі отбасында дүниеге келген. 1990 жылы Жаңақорған ауданы Өзгент ауылындағы №224 орта мектепті аяқтап, 1996 жылы Қызылорда агро-өнеркәсіп өндірісі инженерлері институтының АОК экономист менеджер мамандығы бойынша, 2005 жылы Қазақ Гуманитарлық Заң университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбектің ыстық-суығын жақсы білетін азамат екеден алған тәрбие мен өмірлік ұстанымын ұштастыра жүріп, қызмет жолында біршама жетістіктерге жетті. Еңбек жолының 1997-2009 жылдары аралығында Қызылорда облысы бойынша салық саласында қызмет етіп, өңір экономикасының дамуына сүбелі үлес қосты, абыройлы қызмет атқарды. Еңбеккерлігі мен қабілетінің және жұмысына өте мұқият болуының арқасында қызметте сатылап көтеріліп, 2001-2002 жылдары Шнелі ауданы бойынша салық комитеті төрағасының орынбасары, 2002-2004 жылдары Жаңақорған ауданы бойынша салық комитетінің төрағасы, 2004-2008 жылдары Қызылорда облысы бойынша салық комитеті төрағасының орынбасары, Шнелі және Жаңақорған аудандарында Салық басқармасының бастығы қызметін атқарған.

Біздің таныстығымыз салық саласында қызмет ете жүріп басталып, әр саланың орта бұын кәсіби азаматтары жиналған «70 клубы» ортасын қалыптастырып, отбасылық достар ретінде бүгінгі күнге дейін араласып келеміз.

Қамбар облыстық салық комитеті төрағасының орынбасары болған уақытта мен де орынбасар қызметін атқарып, кабинетімз бір-бірімізге көршілес отырып, облыстың қазынасын толтыру, жергілікті бюджет кірісін ұлғайту мәселелерін кең ауқымда талқылап, кенесе шешкен жұмыстар көп еді. Салық саласының қыр-сырын толық меңгерген, ұйымдастыру-

шылық қабілеті жоғары, сала ардагерлерін бағалай білген, жаны жайсан дос еді.

Қай қызметте жүрсе де өзінің іскерлігін, қарапайым адамгершілік болмысымен, саликалы ой-пікірімен танылып жүрді. Досымыз Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы жаңадан құрылғаннан бастап он жылдай басқарды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы, Шнелі ауданының әкімі, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы, облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы қызметтерін жоғары абыроймен атқарды.

Әрине, әртүрлі салаға жетекшілік ету, ол саланы ілгерілету, кемшіліктерін жою біліктілік пен ұқыптылықты талап етеді. Бұл қасиеттер Қамбарбек досымыздың бойынан табылып, өңірдің экономикалық ауылын арттыруда, қаржы қазынасының толымдылығын қамтамасыз етуде қажырлы еңбегін көрсете білді. Қызмет еткен соңғы уақытында бюджет жүйесінде атқарған еңбегі, әсіресе орталық министрліктермен тығыз жұмыс жасап, халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған мемлекеттік жобаларды тиімді жүзеге асыру нәтижесінде облыс бюджетінің қарқынды өсуіне зор үлес қосты. Нәтижесінде, өңіріміздің экономикалық көрсеткіштерінің динамикалық артып, Қызылорда облысы экономикасы тұрақты, дамыған көшбасшы өңірлердің қатарына енді.

Еңбек жолының соңғы жылында жанына жабысқан дертке бой алдырмай, ақырғы сәтінге дейін тапжылмай еңбек етті, ел аманатын жауапкершілікпен орындады. Қамбарбек өз қызметінің лайықты сый-құрметін алған абыройы биік азамат. «Үздік мемлекеттік қызметші», «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін»

басқа да мерекелік медальдармен марапатталды. Жаңақорған және Шнелі аудандарының құрметті азаматы атанды.

Досымыздың біздер үшін ең үлкен атағы оның ел ішіндегі абыройы, артында қалған үлгі аларлық істері болып қалады.

Жауапты да күрделі қай қызметте де өзінің кәсіби біліктілігін көрсетіп, аймақтың қаржы-экономика саласының барлық мектебінен өткен арыс азамат отбасына тірек, ағайын-туысқа қамқоршы, дос-жаранға құрметті болатын.

Досымыздың әкесі Амангелді Абдуллаев ұзақ жылдар бойы Жаңақорғандағы шипажай жұмысын жолға қойып, осы саланың дамуына сүбелі үлес қосқан, одаққа танымал еткен білікті басшы, ауданның құрметті азаматы, қайырымдылық істерге атсалысқан зиялы азамат. Ел егемендік алған тұста шипажайды сақтап қалған. Осындай тектілік ұясынан шыққан Қамбарбек досымыз да бекзаттық болмыс басым болатын.

Ол достыққа адал, ойы да, бойы да биік, сөзі де, ісі де ірі, кішілік пен кісілік пейілінен айнымаған, бір жанға қылдай қиянат жасамайтын, аккөңілділігімен қоса дарқан мінезділігі көпшіл болуына әсер берді. Қамбарбек пен аяулы жары Айнұрдың берекелі шаңырағы әрқашан қонақтардан үзілмейтін, дастарқаны қонақжайлықтың керемет көкжиегі болатын.

«Алып андан туады» демекші Қамбарбек досымыздың анасы, үлкен әулеттің берекесі болып отырған Фатима анамыз да тектінің ұрпағы. Төрт перзенті дүниеге әкелген өмірлік серігі Айнұр да қарашанырақтың ұйытқысы, отанасы, немерелерінің сүйікті әжесі. Ата-анадан тәлімді тәрбие алған ұрпақ өсіп келеді, үлкендері елге абыройлы қызмет етуде.

Осындай ісі көпке үлгі бола білген асыл досымыздың жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

Талғат МАТАЕВ,
экономика ғылымдарының докторы

СЕҢГІРТАМ: АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ІЗДЕРІ

Сырдарияның төменгі ағысы – адамзат өркениетінің терең іздерін сақтаған қасиетті мекендердің бірі. Олардың қатарында Сеңгіртам сияқты киелі орындардың болуы – бұл өлкенің сақ дәуірінен бастау алатын бай рухани және мәдени мұрасының айқын айғағы.

Сеңгіртам ғұрыптық-жерлеу кешені жергілікті маңызды бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне алынған. Қармақшы ауданы Т.Көмекбаев ауылынан оңтүстікке қарай 84 шақырым жерде.

Осы өңірге 1950 жылдардың соңында жүргізілген КСРО ҒА Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы келген. Зерттеулер барысында С.Толстовтың жетекшілігімен Жаңадария мен Інкәрдария аңғарларынан бұрын белгісіз болған шлак обалар сияқты бірегей ескерткіштер ашылды. Бұл жаңалықтар ежелгі Сырдария атырабының тек табиғи ғана емес, тарихи-мәдени тұрғыдан да аса маңызды аймақ екенін дәлелдей түсті.

Ескерткіштердің шлак обалар деп аталуы үстіңгі бөлігінде шеңбер пішінде ірі шлактың үйілуіне байланысты. Жекелеген обаларға жүргізілген алғашқы археологиялық зерттеулер олардың сақ мәдениетіне тиесілі екенін көрсетіп, мерзімін б.з.д. I мыңжылдықтың орта кезеңімен байланыстырды. Қазба жұмыстары

бұл обаларда жерлеу рәсімі өлікті өртеу дәстүрі арқылы жүзеге асқанын дәлелдеді.

Л.Левина жүргізген 1959 жылғы Інкәрдария маршруттық отрядының археологиялық олжаларын камералдық өңдеу нәтижелері шлак обалар мәдениетінің кең аумаққа таралғанын көрсетті.

Шірік Рабат мәдениеті Сырдарияның көне атырабында қарқынды дамығаны белгілі. 2004 жылдан Жолдасбек Құрманқұловтың жетекшілігімен және оның шәкірттерінің қатысуымен Шірік Рабат археологиялық экспедициясы кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізді. 2012 жылғы экспедиция барысында б.з.д. VII-V ғасырларға жататын Сеңгіртам ғұрыптық жерлеу кешені, ең ірі шлак оба және оның айналасындағы қорымдар жан-жанар деп аталуы үстіңгі бөлігінде шеңбер пішінде ірі шлактың үйілуіне байланысты. Жекелеген обаларға жүргізілген алғашқы археологиялық зерттеулер олардың сақ мәдениетіне тиесілі екенін көрсетіп, мерзімін б.з.д. I мыңжылдықтың орта кезеңімен байланыстырды. Қазба жұмыстары

Сеңгіртам ескерткішінің ішкі диаметрі шамамен 34 метр, сыртқы диаметрі 45 метрге жуық, қабырғаларының қалыңдығы 4-5 метр, сақталған биіктігі 5-7 метр.



Осылайша ескерткіштің зерттелу тарихы мен археологиялық деректері оның тек жерлеу орны ғана емес, күрделі ғұрыптық-мәдени орталық болғанын көрсетеді. Құрылыстың ерекшеліктері, жерлеу рәсімдерінің сипаты мен заттай олжалар бұл жерде ежелгі тұрғындардың дүниетанымы мен наным-сенім жүйесі айқын көрініс тапқанын аңғартады.

Бұл кешен б.з.д. VIII-VII ғасырларда өмір сүрген көшпелі тайпалардың діни-ғұрыптық түсініктерін зерттеуде маңызды

орын алады. Ескерткіштің басты ерекшеліктерінің бірі – оның дөңгелек пішінде салынуы және құрылыс ішіндегі от жағылған іздердің сақталуы. Күйген саз кірпіштердің шлак тәрізді қатуы бұл жерде отқа байланысты рәсімдер жүргізілгенін көрсетеді.

Зерттеу қорытындыларын қарай отырып, Сеңгіртам кешені ежелгі Иран аумағында таралған зороастризм (мажусулік) дәстүрімен мәдени-діни байланыстары болды ма деген ой қалыптасты.

Зороастризм – Заратуштра негізін қалаған ежелгі діни ілім. Бұл дінде от ерекше қасиетті элемент ретінде қарастырылады. От – тазалықтың, жарықтың және шындықтың символы, сондықтан зороастризм ғибадатханаларда қасиетті от үздіксіз жанып тұруы тиіс болған.

Отқа табыну рәсімдері арнайы құрылыстарда, от храмдарында өткізілген. Бұл храмдарда отты сөндірмей сақтау, оны қорғау және діни рәсімдерде пайдалану маңызды міндет саналған.

Сеңгіртам кешеніндегі ұзақ уақыт жанған от іздері, арнайы архитектуралық құрылыс ішінде жануы, жоғары температурадан өткізілген құрылыс материалының өзгеруі кешенде отқа табыну элементтері болғанын меңзейді.

Алайда, Сеңгіртамдағы жерлеу дәстүрлері зороастризммен толық сәйкес келмейді. Зороастризмде мәйітті жерге көму немесе өртеу табиғатты ластайды деп есептелген. Сондықтан өліктерді арнайы орындарға қалдыру дәстүрі қалыптасқан.

Ал Сеңгіртамда керісінше, өлікті өртеу ғұрпы байқалады. Бұл – жергілікті көшпелі тайпалардың өзіндік дәстүрі. Дегенмен, отты пайдалану арқылы мәйітті тазарту идеясы белгілі бір деңгейде ортақ дү-

ниетанымдық негіздердің болғанын көрсетуі мүмкін.

Сырдарияның төменгі ағысы ежелгі дәуірде түрлі мәдениеттер тоғысқан аймақ болған. Бұл өңірді мекендеген сақ тайпалары ежелгі Иран халықтарымен тығыз қарым-қатынаста болған.

Сеңгіртам ғұрыптық-жерлеу кешені – ерте темір дәуіріндегі көшпелі қоғамдардың рухани мәдениетін зерттеуде аса маңызды ескерткіш. Оның архитектуралық құрылымы мен отқа байланысты белгілері бұл жерде күрделі діни рәсімдер жүргізілгенін дәлелдейді.

Зороастризммен салыстыру Сеңгіртам кешенінде от культінің маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Алайда, жерлеу дәстүрлеріндегі айырмашылықтар бұл мәдениеттердің толық сәйкес келмейтінін, тек белгілі бір деңгейде ықпалдасқанын аңғартады.

Сеңгіртам кешені – Сыр өңіріндегі ежелгі тайпалардың дүниетанымы мен олардың көрші өркениеттермен мәдени байланысын көрсететін бірегей археологиялық мұра.

Мұсабек ЕШТАЕВ,
облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығының археологі

/// МЕРЕЙ



ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ КЕШ

Шиелі ауданындағы «Руханият орталығында» Ұлттық кітап күні мен кітапханашылар мерекесіне орай «Рухани әлем» атты ашық аспан астындағы мерекелік іс-шара өтті.

Салтанатты жиынға арнайы қатысқан аудан әкімінің орынбасары Болатбек Ысмағұлов, «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Жібек Баймұратова кітапханашылар қауымын және барша қатысушыларды мерекелеп құттықтап, кітап оқудың тек адам үшін емес, қоғам үшін де маңызды екенін атап өтті. Мерекеге орай аудан көлемінде еңбегімен елдің ықыласына бөленіп жүрген кітапханашыларға, сондай-ақ белсенді оқырмандарға, сала жұмысына атсалысып жүрген демеушілерге аудан әкімдігі және «Аманат» партиясы аудандық филиалы атынан құрмет көрсетіліп, марапаттар табысты.

Осынау мерейлі сәтте аудан әкімдігінің қолдауымен ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Құрмет» орденінің иегері, Шиелі ауданының құрметті азаматы Қатира Жәленованың 75 жас мерейтойына орай ақынмен сыр-сұхбат өткізіліп, келелі жиынға ұласты. Мерейтой ісін аудан әкімінің алғысы табысталып, сый-құрмет көрсетілді.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өркен Исмайыл, қаламгер Нұрмахан Елтай, ардагер Жақсылық Әлиев бастаған ақынның ауылдастары, бірге өскен

дос-жарандары ыстық ықыласын білдірді. Оқырмандар ақын өлеңдерін жатқа оқыса, Мәдениет саласының үздігі Ақмарал Ноғайбаева, тағы басқа әншілер автордың сөзіне жазылған әндерді орындап, көрермен қауымының зор қошеметіне бөленді.

Кеш барысында ақын Қатира Сыздыққызы туған жеріне тағзым ете тұрып, терең тебіренісін жүргенін шыққан жыр жолдарымен жеткізді.

Аудандық мәдениет бөлімінің басшысы Аруна Өркенқызының айтуынша, бұл кештің басты мақсаты – кітаптың құндылығын дәріптеу арқылы оқырман мәдениетін қалыптастыра отырып, рухани мұраға деген құрметті арттыру. Осы орайда кітапхана саласындағы кейінгі жаңалықтар насихатталып, сандық технологияны қолдану арқылы кітап оқуға деген қызығушылықтың арта түскені айтылды.

Мерекелік іс-шара барысында «Руханият орталығында» атқарылып отырған жұмыстар кенінен танытырылып, музей, архив және АХАТ салаларымен бірлескен мәдени-танымдық жобалардың маңызы аталып өтті.

Гүлдана ЖАҚЫПОВА,
аудандық
орталықтандырылған
кітапхана жүйесінің директоры

/// ЖЕҢІС – 81

АЛАСАРМАЙТЫН АСҚАРЫМ



Сүлеймен патшаның сақинасында «бәрі өткініш» деген жазу бар екен. Бірде қиналғанда ол саусағындағы сақинаны шешіп алып, лақтырып жібереді. Домалап бара жатқан сақинаның ішінде тағы бір жазу бар екенін байқайды. Сақинаны қайта алып қараса, «бұл да өтеді» деген жазу екен.

Шынында өмір өткініш, сағат та, ай да, жыл да сынаптай зулап өте шығады, онымен бірге бақытты балдаурен балалық шақ та, жалындаған жастық та, ақыл тоқтатып, кемелденген кезең де көзді ашып-жұмғанша өте шығарын адам сезбей де қалады екен ғой.

Бірақ жақсының аты ұмытылмайды. Бұрынғылар «Талайлар өтті-ау жалғаннан, Көрген адам таңғалған» деп жиі айтып отыратын. Осы сөздерімен адамгершіліктің айнасындай болған тұлғаларды еске алған болар. Ғұмырнамамын терең зерделеген сайын ұлықтауға лайық, өмір жолы парасатқа толы, өмірі өнеге, ісі үлгі адамдар болады. Сондай жанның бірі – біздің аяулы әкеміз, Ұлы Отан соғысының ардагері, екі дәуірдің куәгері болған Кәрім Ахметұлы. Әкемізден айырылғанмызға жырмыз тоғыз жыл болыпты. «Уақыт – емші» деп өзімізді жұбатқанымызбен, жоғалтқан кимас, қымбат жанға деген жүректі сыздатқан сағынышқа сырғыған сағаттар да, зулаған күндер мен апталар да, тіпті жылжыған жылдар да дауа бола алмайтын түсінеді екенсің. Бүгінде ер жетіп, өз отбасымыздың иесі болып, бала-шаға қызығын қызықтап отырсақ та әкеміздің асыл бейнесін, тау тұлғасын, мейірімді жүзі мен жылы сөзін сағынамыз. «Таулар алыстаған сайын биіктей түседі» демекші, ардақты әкеміз Кәрім Ахметұлының тау тұлғасы бүгінде біздер үшін, ол кісіні білетін сыйлас жандар үшін биік әрі қадірлі.

Сырдария ауданы Киров атындағы колхозда Ахмет атамыз бен Балбосын ағамыздың отбасында 1924 жылы 15 тамызда Кәрім әкеміз дүниеге келген.

Бастауыш білім алғаннан кейін, колхозда еңбекке араласқан. 1941 жылы ел басына күн туғанда майданға азық-

түлік дайындауға үлес қосып еңбек еткен. 1942 жылдың тамыз айында арасына 15 күн салып ағасы Абдрахман екеуі Сырдария аудандық әскери комиссариаты арқылы елі мен жерін қорғау үшін адал да қастерлі борышын өтеуге аттанған. Әскери дайындықтан соң «Максим» пулеметінің атқышы болды.

Кәрім әкеміз – 1942 жылдан 78-атқыштар дивизиясының 458-полкіне неміс фашистерімен соғысқан жауынгер. Воронеж, Курск қалаларындағы соғыс қимылдарына қатысып, қолынан жарақат алып, емделіп соғысқа қайта кіреді. Екінші рет алған жарақатына байланысты 1944 жылдың шілде айында елге оралады. Мүгедектігіне қарамастан Теренөзек ауданындағы колхозда қажымай, талмай еңбек етіп, қайсарлықтың үлгісін көрсеткен.

Еңбекке араласа жүріп майданнан хабарсыз кеткен бауыры Абдрахманды іздетіріп «із-түсіс жоғалды» деген хабар алғанымен, үмітін үзбей үнемі күтумен болған.

1952 жылы Айсулу Сағынбайқызымен отбасын құрды. Содан кейінгі жылы Шымкент қаласындағы «Жоспарлы есеп» мектебін аяқтап, колхоз бухгалтері мамандығын алып шығады. 1955 жылы Ташкент қаласындағы Есеп-кредит техникумына оқуға түсіп, 1958 жылы оқуын аяқтаған соң Жалағаш ауданындағы мемлекеттік банкте еңбек жолын бастайды. Қызмет атқара жүріп біліктілігін көрсетті. Соның арқасында басылықтан мақтау қағаздарымен, «В.И.Лениннің 100 жылдығы» мерекелік медалімен және «Үздік банк қызметкері» төсбелгісімен марапатталған. Одан бөлек, Ұлы Отан соғысының үшінші топ мүгедегі Кәрім Ахметов СССР Қарулы күштеріне 50,

60, 70 жыл, Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 30, 40, 50 жыл мерекелік медальдарымен, Кеңес Одағының маршалы Г.Жуковтың медалімен, «Адал еңбегі үшін» «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған және I дәрежелі «Отан соғысы» орденінің иегері.

1978 жылдан зейнетке шыққанша Жалағаш аудандық жол салу мекемесінде есеп қызметкері болған. Ашық-жарқын мінезінің, қарым-қабілетінің, жұмысына деген жоғары жауапкершілігінің арқасында өз ортасында абыройға бөленген жан. Табиғатынан көпшіл, үлкенге ізетті іні, кішіге қамқор аға бола білген жайсаң жанды көпшілік те құрметтейтін. Кәрім ақсақалдың мейірімі мен қолдауына бөленген жандардың бірі – Жалағаш ауданының ардагері, зейнеткер Нағима Байманқызы туыстықты ту етуді, кішіге қамқорлықтың үлгісін осы кісіден үйренгенін айтады.

– Кәрім ағай аудандағы банкке қатысты жұмыстардың барлығын өзі атқаратын. Мен 1970 жылдары банкте кешкі кассир болып жұмысқа орналастым. Соғыста алған жарақатына байланысты бір аяғын сылтып басытын. Тау тұлғалы азамат ешкімнен қалыс қалмай белсенді жұмыс жасайды. Банк қызметкерлеріне арналған басынада көрші тұрдық. Өте мейірімді, көпшіл, білмегенінді айтып, дұрыс нәрсені үйретіп отыратын еді. Тоғыз баласын білім алуға, азамат болып қалыптасуға, ағайымен тығыз қарым-қатынас жасауға баулитын. Өте ақкөңіл кісі болатын, өмір жолынан жиган-тергенін үлгі етіп айналасындағылардың да жақсыға бейімделуіне себепкер болды, – дейді ардагер Нағима Байманқызы.

Кәрім Ахметұлы жұмыстан қолы қалт еткенде табиғатта саятшылық құрғанды жақсы көретін, тарихи кітаптарды оқып, оны балаларына түсіндіруден жалықпайтын.

Бауырының дерегін денсаулығы сыр берген уақытта, яғни 1995 жылы «Боздақтар» кітабы арқылы білді. Онда Абдрахман Ахметов 1944 жылы 16 қазанда Литва республикасы Наумицкий уезі, Марче деревнясында ерлікпен қаза тауып, бауырластар зиратына жерленгені хабарланған.

Кәрім әкеміз бен Айсулу анамыз 9 бала дүниеге әкеліп, оларға тәлім-тәрбие беруде өкілі мейірімін төкті, ісімен де, сөзімен де перзенттеріне үлгі болды.

Әулеттің қамқоршысы, отбасының саялы бәйтерегі Кәрім Ахметұлы 1997 жылы 26 қаңтарда жанына батқан науқастан келместің кемесіне мініп кете барды. Аяулы жанның өмірі, еңбек жолы балалары үшін үлкен тарих, кейінгіге өмір бойы таусылмайтын рухани азық қалдырды. «Адам ұрпағымын мың жасайды» демекші, артында бағып-қағып, ер жеткізген, әке өсетін, тәлім-тәрбиесін санасына сіңіріп, жүрегіне сақтаған перзенттері барда Кәрім Ахметұлының да аты өшпейтіні анық.

Балым АХМЕТОВА,
Қызылорда қаласы

/// ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

ҚАЗЫНАЛЫ ӨЛКЕНІҢ ШЕЖІРЕСІ

Сыр бойының өндірістік әлеуетін көтеруде мұнайшылардың, оның ішінде алғашқылардың еңбегі орасан. «Құмкөлдің» қазығы қағылғаннан бастап, оның ыстық-суығына төзіп, кен орнын ашуға атсалысқан ардагерлер туралы ескеңел ұрпақтың білгені абзал.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Әлемді ғылым құтқарады – IV» ғылым айлығы, Ұлттық кітап күні аясында «Құмкөл» кенішін игерудің 40 жылдығына арналған «Ғалым Байманов» атты кітаптың тұсаукесері өтті.

Кітап «Мұнайшы» қоғамдық қорының «Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы бойынша жарыққа шыққан. Бұл серия ел экономикасының стратегиялық саласында ерен еңбек еткен ардагер мұнайшыларға арналған.


Кезекті кітаптың авторы, университеттің ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы Нұрлыбек Мынжазтың айтуынша, туындыда тек бір тұлғаны емес, Құмкөлді қазыналы өлкенің ашылу тарихы, өңір экономикасының, техникалық ғылымы мен білімінің қалыптасу шежіресі жатыр.

Кен орнындағы алғашқы бұрқақтан басталып бүгінгі заманауи технологияларға дейін жалғасқан белесте мыңдаған маманның қажырлы еңбегі бар. Ал сол шаруаның басы-қасында жүріп, қызметтік тәжірибесі

осы кітапқа арқау болған Ғалым Баймановтың жолы – өскелең ұрпаққа үлгі.

Тұсаукесерге «Аманат» партиясы облыстық филиалының төрағасы Жан-дос Базартай, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жұмабай Құлиев, мұнай-газ, энергетика саласының ардагерлері Орынбасар Алдабергенов, Серікбай Тоқпанбетов, Қабылбек Қыстаубаев, Серік Ажаров, Мұхит Кәрімбаев, «ҚазГермұнай» БК ЖШС департамент директоры Әділ Беклиев, «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» компаниясының жетекші энергетигі Ғалым Құрманбаев, студенттер қатысты.

Ғалым Байманов – «Құрмет» орденінің, «Ерен еңбегі үшін», «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медальдарының иегері, 2015 жылдың үздік инженері, Сырдария ауданының құрметті азаматы, техника ғылымдарының кандидаты, университеттің құрметті профессоры. Осыдан 40 жылдай уақыт бұрын өңірдегі мұнай-газ кәсіпшілігінің негізін қалауға тікелей атсалысқан, 30 жыл бұрын университетте мұнай-газ мамандық-



тарының негізін қалауға мұнайшы-менеджер, ғалым-оқытушы ретінде зор үлесін қосқан. Оның өмір және еңбек жолы – жас ұрпақты елді сүйеге тәрбиелейтін бірегей мектеп.

Жаңа кітап – болашақ инженерлер мен жас ғалымдар үшін құнды дүние, мұнай-газ саласының энциклопедиясы десек болады. Бұл туындыда «Құмкөлдің» 40 жылдық тарихы нақты деректер, құнды құжаттар, естеліктер арқылы түгелденгендіктен де құнды.

«СБ» ақпарат

СУДЫҢ ҚАДІРІН ҰҚҚАН ҰРПАҚ

Су ресурстарына ұқыпты қарап, оларды тиімді пайдалана алатын ұрпақ тәрбиелеу – «Су және білім» атты жаңа оқу-педагогикалық жобасының басты мақсаты. Бұл жоба өңірімізде өткен жылдың желтоқсан айынан бері жүзеге асырылып келеді.

Оның бастамашылары – Су ресурстары және ирригация, Оқу-ағарту министрлігі, Аралды құтқару халықаралық қоры және облыс әкімдігі. Француз даму агенттігі мен UNICEF Kazakhstan ұйымдарының қаржылай қолдауымен іске асуда.

Жоба жетекшісі әрі сарапшы, Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстары ақпараттық-талдау орталығының өкілі Татьяна Немцанның айтуынша, жобаға Арал өңіріндегі он білім ошағы тірек мектеп ретінде таңдалған.

Жоба білім беру ұйымдарының «Адал азамат: табиғатқа қамқорлық және суға құрмет» бағдарламасын жүзеге асырудағы белсенді үлесін көрсетуді көздейді. Осы бағытта түрлі шығармашылық байқаулар, көрмелер, дебаттар, экологиялық сенбіліктер ұйымдастырылуда. Сонымен қатар педагогтер мен оқушылар жанашыл ізденістерге барып, тамшылатып суару технологиясын қолдану арқылы жасыл белдеулер қалыптастыруда және басқа да шаралар қолға алынған.

Атап айтқанда, Қызылорда қаласы Абай атындағы мектепте де-

бат турнирі өтті. Іріктеу кезеңінен өткен өңірдегі 55 мектептің ішінен үздік шыққан 10 команда жеңімпаз атану үшін бақ сынасты. Қатысушылар тек шешендік кабілеттерін ғана емес, сонымен қатар су шаруашылығы саласының ерекшеліктерін терең меңгергенін көрсетті. Оқушылардың білімін Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының жетекші сарапшылары бағалады.

Сондай-ақ Байқоңыр қаласында облыстық семинар өтіп, оған 100-ден астам педагог, сарапшы және білім беру саласының өкілдері қатысты. Жиында жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және су ресурстарына ұқыпты қарау мәселелері талқыланды. Сонымен қатар экологиялық білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді енгізу мен таратуға ерекше көңіл бөлінді.

Аружан АБЫЛАЙ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда
университетінің 2-курс
студенті

Газетіміздің келесі саны 1 мамыр, жұма күні шығады.

www.facebook.com/syrboiy.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboiy

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, бөтеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboiy@yandex.kz / www.syrboiy.kz

Таралымы 21177

Тапсырыс №696

Кезекші редактор Ержан ҚОЖАС